

Қазақстан Республикасының кейбір заң актілеріне инвестициялық қорлардың мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы

Қазақстан Республикасының 2004 жылғы 7 шілдедегі N 577 Заңы

1-бап. Қазақстан Республикасының мына заң актілеріне өзгерістер мен толықтырулар енгізілсін:

1. Қазақстан Республикасының Жоғарғы Кеңесі 1994 жылғы 27 желтоқсанда қабылдаған Қазақстан Республикасының Азаматтық кодексіне (Жалпы бөлім) (Қазақстан Республикасы Жоғарғы Кеңесінің Жаршысы, 1994 ж., N 23-24 (қосымша); 1995 ж., N 15-16, 109-құжат; N 20, 121-құжат; Қазақстан Республикасы Парламентінің Жаршысы, 1996 ж., N 2, 187-құжат; N 14, 274-құжат; N 19, 370-құжат; 1997 ж., N 1-2, 8-құжат; N 5, 55-құжат; N 12, 183, 184-құжаттар; N 13-14, 195, 205-құжаттар; 1998 ж., N 2-3, 23-құжат; N 5-6, 50-құжат; N 11-12, 178-құжат; N 17-18, 224, 225-құжаттар; N 23, 429-құжат; 1999 ж., N 20, 727, 731-құжаттар; N 23, 916-құжат; 2000 ж., N 18, 336-құжат; N 22, 408-құжат; 2001 ж., N 1, 7-құжат; N 8, 52-құжат; N 17-18, 240-құжат; N 24, 338-құжат; 2002 ж., N 2, 17-құжат; N 10, 102-құжат; 2003 ж., N 1-2, 3-құжат; N 11, 56, 57, 66-құжаттар; N 15 139-құжат; N 19-20, 146-құжат; 2004 ж., N 6, 42-құжат; 2004 жылғы 14 мамырда "Егемен Қазақстан" және 2004 жылғы 15 мамырда "Казахстанская правда" газеттерінде жарияланған "Қазақстан Республикасының кейбір заң актілеріне жергілікті мемлекеттік басқару мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы" 2004 жылғы 11 мамырдағы Қазақстан Республикасының Заңы):

209-бап мынадай мазмұндағы 7-тармақпен толықтырылсын:

"7. Инвестициялық пай қорының активтеріне ортақ үлестік меншіктің құқықтық режимінің ерекшеліктері Қазақстан Республикасының инвестициялық қорлар туралы заң актісімен айқындалады."

2. 1999 жылғы 1 шілдедегі Қазақстан Республикасының Азаматтық кодексіне (Ерекше бөлім) (Қазақстан Республикасы Парламентінің Жаршысы, 1999 ж., N 16-17, 642-құжат; N 23, 929-құжат; 2000 ж., N 3-4, 66-құжат; N 10, 244-құжат; N 22, 408-құжат; 2001 ж., N 23, 309-құжат; N 24, 338-құжат; 2002 ж., N 10, 102-құжат; 2003 ж., N 1-2, 7-құжат; N 4, 25-құжат; N 11, 56-құжат; N 14, 103-құжат; N 15, 138, 139-құжаттар; 2004 ж., N 3-4, 16-құжат; N 5, 25-құжат; N 6, 42-құжат):

893-бап мынадай редакцияда жазылсын:

"893-бап. Инвестициялық қорлардың активтерін сенімгерлікпен басқару

Инвестициялық қорлардың активтерін сенімгерлікпен басқару ерекшеліктері Қазақстан Республикасының инвестициялық қорлар туралы заң актісімен белгіленген шарттарда және тәртіппен жүзеге асырылады."

3. "Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі туралы" 1995 жылғы 30 наурыздағы Қазақстан Республикасының Заңына (Қазақстан Республикасы Жоғарғы Кеңесінің Жаршысы, 1995 ж., N 3-4, 23-құжат; N 12, 88-құжат; N 15-16, 100-құжат; N 23, 141-құжат; Қазақстан Республикасы Парламентінің Жаршысы, 1996 ж., N 2, 184-құжат; N 11-12, 262-құжат; N 19, 370-құжат; 1997 ж., N 13-14, 205-құжат; N 22, 333-құжат; 1998 ж., N 11-12, 176-құжат; 1999 ж., N 20, 727-құжат; 2000 ж., N 3-4, 66-құжат; N 22, 408-құжат; 2001 ж., N 8, 52-құжат; N 10, 123-құжат; 2003 ж., N 15, 138, 139-құжаттар):

15-баптың е) тармақшасы мынадай редакцияда жазылсын:

"е) қызметінің бірден-бір түрі қолма-қол шетел валютасымен айырбас операцияларын жүргізу болып табылатын уәкілетті ұйымдарға берілетін шетел валютасымен айырбас операцияларын ұйымдастыруға арналған лицензияларды қоспағанда, осы Заңда көзделген банк операцияларының жекелеген түрлерін жүргізуге лицензиялар беру туралы шешімдер қабылдау;"

4. "Лицензиялау туралы" 1995 жылғы 17 сәуірдегі Қазақстан Республикасының Заңына (Қазақстан Республикасы Жоғарғы Кеңесінің Жаршысы, 1995 ж., N 3-4, 37-құжат; N 12, 88-құжат; N 14, 93-құжат; N 15-16, 109-құжат; N 24, 162-құжат; Қазақстан Республикасы Парламентінің Жаршысы, 1996 ж., N 8-9, 236-құжат; 1997 ж., N 1-2, 8-құжат; N 7, 80-құжат; N 11, 144, 149-құжаттар; N 12, 184-құжат; N 13-14, 195, 205-құжаттар; N 22, 333-құжат; 1998 ж., N 14, 201-құжат; N 16, 219-құжат; N 17-18, 222, 224, 225-құжаттар; N 23, 416-құжат; N 24, 452-құжат; 1999 ж., N 20, 721, 727-құжаттар; N 21, 787-құжат; N 22, 791-құжат; N 23, 931-құжат; N 24, 1066-құжат; 2000 ж., N 10, 248-құжат; N 22, 408-құжат; 2001 ж., N 1, 7-құжат; N 8, 52, 54-құжаттар; N 13-14, 173, 176-құжаттар; N 23, 321-құжат; N 24, 338-құжат; 2002 ж., N 2, 17-құжат; N 15, 151-құжат; N 19-20, 165-құжат; 2003 ж., N 1-2, 2-құжат; N 4, 25-құжат; N 6, 34-құжат; N 10, 50, 51-құжаттар; N 11, 69-құжат; N 14, 107-құжат; N 15, 124, 128, 139-құжаттар; 2004 ж., N 2, 9-құжат; N 5, 27-құжат; 2004 жылғы 12 мамырда "Егемен Қазақстан" және "Казахстанская правда" газеттерінде жарияланған "Лицензиялау туралы" Қазақстан Республикасының заңына өзгеріс енгізу туралы" 2004 жылғы 6 мамырдағы Қазақстан Республикасының Заңы):

1) 6-баптың үшінші бөлігіндегі "8)" деген цифр "5)" деген цифрмен ауыстырылсын;

2) 1 1 - б а п т а :

5) тармақша мынадай редакцияда жазылсын:

"5) зейнетақы жарналарын тарту және зейнетақы төлемдерін жүзеге асыру жөніндегі қызмет;"

б) - 8) тармақшалар алып тасталсын.

5. "Қазақстан Республикасындағы банктер және банк қызметі туралы" 1995 жылғы 31 тамыздағы Қазақстан Республикасының Заңына (Қазақстан Республикасы Жоғарғы Кеңесінің Жаршысы, 1995 ж., N 15-16, 106-құжат; Қазақстан Республикасы Парламентінің Жаршысы, 1996 ж., N 2, 184-құжат; N 15, 281-құжат; N 19, 370-құжат; 1997 ж., N 5, 58-құжат; N 13-14, 205-құжат; N 22, 333-құжат; 1998 ж., N 11 12, 176-құжат; N 17-18, 224-құжат; 1999 ж., N 20, 727-құжат; 2000 ж., N 3-4, 66-құжат; N 22, 408-құжат; 2001 ж., N 8, 52-құжат; N 9, 86-құжат; 2002 ж., N 17, 155-құжат; 2003 ж., N 5, 31-құжат; N 10, 51-құжат; N 11, 56, 67-құжаттар; N 15, 138, 139-құжаттар):

1) 30-баптың 4-тармағының б-1) тармақшасы мынадай редакцияда жазылсын:

"б-1) инвестициялық портфельді басқару;"

2) 48-1-баптың 9-тармағындағы "Ұлттық Банк", "Ұлттық Банктің" деген сөздер тиісінше "уәкілетті орган", "уәкілетті органның" деген сөздермен ауыстырылсын;

3) 74-1-баптың 2-тармағы мынадай редакцияда жазылсын:

"2. Тарату массасын, конкурстық массаны қалыптастыру кезінде оған үшінші тұлғаларға тиесілі және сақтау мен есепке алу үшін кастодиан-банкке сеніп тапсырылған бағалы қағаздар, сондай-ақ есепке алу және сақтау үшін банкке сеніп тапсырылған немесе оның қаржы құралдарына орналастырылған жинақтаушы зейнетақы қорларының зейнетақы активтері, инвестициялық қорлардың активтері енгізілмейді. Зейнетақы активтері, инвестициялық қордың активтері жинақтаушы зейнетақы қорының, акционерлік инвестициялық қордың немесе инвестициялық пай қорын басқарушы компанияның өтініші бойынша басқа банкке аударылады."

6. "Бағалы қағаздар рыногы туралы" 2003 жылғы 2 шілдедегі Қазақстан Республикасының Заңына (Қазақстан Республикасы Парламентінің Жаршысы, 2003 ж., N 14, 119-құжат):

1) 1-баптың 24) тармақшасы мынадай редакцияда жазылсын:

"24) инвестициялық портфель - бағалы қағаздар рыногы субъектісінің меншігіндегі немесе басқаруындағы әр түрлі қаржы құралдарының жиынтығы не инвестициялық қорлар туралы Қазақстан Республикасының заңдарында белгіленген талаптарға сәйкес инвестициялық қордың мүлкі;"

2) 1-баптың 30) тармақшасындағы "оларды сақтауды" деген сөздерден кейін "және Қазақстан Республикасының заң актілеріне сәйкес өзге қызметті" деген сөздермен толықтырылсын;

3) 3-баптың 2-тармағының 5) тармақшасындағы "шығарылу мен айналысқа түсу және олардың мемлекеттік тіркелу" деген сөздер "шығарылуы, айналысқа түсуі мен өтелуі және олардың мемлекеттік тіркелуі" деген сөздермен ауыстырылсын;

4) 6-баптың 3-тармағындағы "Қазақстан Республикасының аумағында тіркелген және айналысқа жіберілген" деген сөздер "Тіркелген" деген сөзбен ауыстырылсын;

5) 8-бап мынадай мазмұндағы 2-1-тармақпен толықтырылсын:

"2-1. Инвестициялық пай қорларының пайларын шығаруды мемлекеттік тіркеудің шарттары мен тәртібі Қазақстан Республикасының жеке заң актісімен айқындалады.";

6) 10-баптың 1-тармағындағы "табыс етілген құжаттарда дәйектемесіз мәліметтер бар екендігі" деген сөздер "олардың Қазақстан Республикасының заңдарымен белгіленген талаптарға сәйкес келмейтіндігі" деген сөздермен ауыстырылсын;

7) 1 1 - б а п т а :

2-тармақтың 3) тармақшасындағы "мен санаттары" деген сөздер алып тасталсын;

5-тармақтағы "бір санаттағы" деген сөздер "бір түрдегі" деген сөздермен ауыстырылсын;

8) 15-баптың 1-тармағы мынадай редакцияда жазылсын:

"1. Егер облигациялар шығарылымын мемлекеттік тіркеу үшін құжаттарды уәкілетті органға табыс ету күні эмитентте сыйақы төлеу немесе бұрын шығарылған облигацияларды өтеу жөніндегі міндеттемелерін уақтылы орындамаған немесе орындамаған жағдайлар болмаса, өзі бұрын шығарған облигациялар бағалы қағаздардың қайталама рыногында айналыста болған кезде және ол төмендегі талаптардың бірін сақтаған жағдайда:

1) облигациялар шығарылымын мемлекеттік тіркеу үшін құжаттарды уәкілетті органға табыс ету күні эмитентте уәкілетті органның нормативтік құқықтық актісінде белгіленген талаптарға сәйкес рейтинг агенттіктерінің біреуі талап ететін ең төменгі рейтингі болса;

2) облигациялар шығарылымын мемлекеттік тіркеу үшін құжаттарды уәкілетті органға табыс ету алдындағы соңғы тоқсанның қорытындылары бойынша эмитенттің левередж шамасы екеуден аспаса және жаңа шығарылымның барлық облигацияларын орналастыру нәтижесінде көрсетілген шамадан аспайтын болса;

3) жаңадан шығарылған облигациялар ипотекалық облигациялар болса, эмитент облигациялардың одан кейінгі шығарылымын жүзеге асыруға құқылы.";

9) 16-баптың 1-тармағындағы "және осы Заңның 15-бабы 1-тармағы 1)-3) тармақшаларының талаптарына сәйкес келетін" деген сөздер алып тасталсын;

10) 24-баптың 3-тармағының екінші бөлігіндегі "эмиссиялық бағалы қағаздарды орналастыру қорытындылары туралы дәйектемесіз мәліметтерді табыс ету" деген сөздер "олардың Қазақстан Республикасы заңдарының талаптарына сәйкес келмеу" деген сөздермен ауыстырылсын;

11) 31-баптың 2-тармағындағы "Эмиссиялық бағалы қағаздар" деген сөздер "Облигациялар" деген сөзбен ауыстырылсын;

1 2) 6 9 - б а п т а :

1-тармақтағы "Инвестициялық қордың инвестициялық портфельін басқару немесе зейнетақы активтерін инвестициялық басқару" деген сөздер "Инвестициялық портфельді басқару" деген сөздермен ауыстырылсын;

2-тармақ алып тасталсын;

13) 71-бап алып тасталсын;

14) 73-баптың 5-тармағы алып тасталсын.

7. "Қаржы рыногы мен қаржылық ұйымдарды мемлекеттік реттеу және қадағалау туралы" 2003 жылғы 4 шілдедегі Қазақстан Республикасының Заңына (Қазақстан Республикасы Парламентінің Жаршысы, 2003 ж., N 15, 132-күжат):

1) 1-баптың 6) тармақшасы мынадай редакцияда жазылсын:

"6) қаржылық қызметтер - Қазақстан Республикасының заңдарына сәйкес алынған лицензиялар негізінде жүзеге асырылатын сақтандыру рыногына, бағалы қағаздар рыногына, жинақтаушы зейнетақы қорларына қатысушылардың қызметі, сондай-ақ банк қызметі;"

2) 12-баптың 14) тармақшасы мынадай редакцияда жазылсын:

"14) инвестициялық қорлардың жұмыс істеуін Қазақстан Республикасының заңдарына сәйкес реттеу мен бақылауды жүзеге асырады;"

2-бап. Осы заң ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

Қ а з а қ с т а н Р е с п у б л и к а с ы н ы ң

Президенті